

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 қазандағы N 834 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 31 қазан N 1412. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.05.25. N 477 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 7 қазандағы N 834 қаулысымен бекітілген / Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 38, 577-бап/ Ережелерге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлығы туралы Ережеге:

1-тармақтың бірінші абзацында "қоғамда танылған" сөздерінен кейін "және кемінде үш жыл бойы байқаудан өткен" сөздерімен толықтырылсын;

4-тармақ "ашық дауыспен қабылданады" сөздерінен кейін "жай көпшілік дауыспен" сөздерімен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Үміткерлер ұжымына кандидаттарды іріктеу-ұсынылған жұмыс орындалған кәсіпорын, оқу орны немесе ұйымның алқалық органының мәжілісінде олардың қосқан үлесіне берілген баға ескеріліп, жасырын дауысқа салу арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сыйлыққа екі немесе одан да көп жұмыс бойынша кандидатура ұсынылмайды."

Үміткерлер ұжымына адамдарды тек лауазымына қарай қосуға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иесі жаңа ірі жетістіктерге қол жеткізген жағдайда сыйлық оған бұл аталған сыйлық берілгеннен кейін кемінде бес жыл өткен соң ғана тапсырылуы мүмкін";

5-тармақтың бірінші абзацында "Мемлекеттік сыйлықты иеленуге ұсынылған , жарияланған ғылыми жұмыстар, оқулықтар және оқу құралдары авторларының ұжымдарына бұл шектеу қолданылмайды" сөздері алынып тасталсын;

5-тармақтың екінші және үшінші абзацтары алынып тасталсын;

6-тармақтың бірінші абзацындағы "жылдың 1 маусымына дейін" сөздері "жылдың 1 ақпанына дейін" сөздерімен ауыстырылсын;

8-тармақта "жылдың 15 қарашасына дейін" сөздері "жылдың 15 қыркүйегіне дейін" сөздерімен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарына ие болған адамдарға "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иесі" атағы беріліп, диплом, құрмет белгісі және куәлік тапсырылсын",

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы ғылым, техника және білім саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы Ережеге:

2 және 5-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

4 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "секциялар құрылсын" сөздері "секциялар құру" сөздерімен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "және үміткерлердің шығармашылық үлестеріне" сөздері алынып тасталсын;

6-тармақтың үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда баяндалсын:

"Олардың тізімдік құрамының кемінде 2/3-і қатысса, комитеттің және оның төралқасының мәжілістері құқықты болып саналады.

Шетелдік іссапарда жүрген, сондай-ақ денсаулығының жай-күйіне және басқа айрықша жағдайлар олардың мәжіліске қатысуына және дауыс беруіне мүмкіндік бермейтін мүшелері комитеттің тізімдік құрамына енгізілмейді.

Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы шешімді Комитет жасырын

дауыспен, "құпия" белгілі жұмыстар бойынша - Комитет төралқасы жасырын дауыспен қабылдайды.

Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге барлық іріктелген жұмыстар қосылып, дауысқа салу жүргізіледі. Мемлекеттік сыйлық берілмек жұмыс мәжіліске қатысқандардың дауыс санының кемінде 3/4 жинауы тиіс. Қайта дауысқа салуға жол берілмейді.

7-тармақта "оларды қарауға соңғылары қатыспайды" сөздері "соңғылары Комитеттің жұмысына қатыспайды" сөздерімен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК